

**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 6, Number 316 (2017), 184 – 187

UDC 575: 371.3

**A.N.Koshkarbaeva, A.M.Seytmetova**

H.A.Yassawi International kazakh-turkish university, Turkistan, Kazakhstan  
[aigerim.koshkarbaeva@bk.ru](mailto:aigerim.koshkarbaeva@bk.ru), [aiman.seitmetova@mail.ru](mailto:aiman.seitmetova@mail.ru)

## **INCREASING THE INTEREST OF STUDENTS TO THE SUBJECT BY THE SOLUTION OF GENETIC TASKS**

**Abstract.** Genetics is the huge and interesting science, which requires a long time and effort to study. The school section of biology includes only the basics of genetics, but they sharply important for necessary for life knowledge to development of pupils. The mass media play an important role in the development of genetic knowledge. Every where and anywhere they report on any discoveries of genetics: cloning animals, growing human organs from parts of DNA, etc. The section "Genetics" is one of the most difficult to understand in the school course of general biology. To facilitate the assimilation of this section can contribute to solving problems of different levels of complexity. As an educational-methodical technique to research genetics for the solving the problems, is the important way of it. Its application contributes to the qualitative assimilation of knowledge, obtained theoretically, increasing their imagery, develops the ability to reason and substantiate conclusions, substantially broadens the horizons of studying genetics. The use of such tasks develops logical thinking among schoolchildren and allows them to better understand the teaching material. And the teacher has the opportunity to effectively monitor the level of knowledge acquired by students.

**Key words:** genetic tasks, the fundamentals of genetics, concepts, terms, Mendelian laws, allelic genes, hybrid.

ӘОЖ 575: 371.3

**A.Н. Қошқарбаева, А.М. Сейтметова**

Қ.А.Ясаяи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

## **ГЕНЕТИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПӘНГЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТАРУ**

**Аннотация.** Генетика үлкен көлемді және қызық ғылым, оны оку үшін көп уақыт және күш қажет. Мектептері биология курсының тарауына генетика негіздері кіреді, бұл тараудың оқушыларда өмірге қажетті білімді дамытуда маңызы зор. Бұқаралық ақпарат құралдары генетикалық білім қалыптастыруды үлкен рөл аткарады. Барлық жерлерде жануарларды клондау, адам мүшелерін ДНҚ бөлігінен өсіру секілді қандай да бір генетикалық ашылуар туралы айтылада, жазылуда, хабарлануда. «Генетика» тарауы мектеп курсындағы жалпы биологияның түсінуге ең қын белімі болып табылады. Бұл тарауды менгеруге курделілігі әр түрлі деңгейдегі есептерді шешу көмектеседі. Есептерді шығарудың генетиканы оқытуда оку-әдістемелік тәсілі ретінде маңызы зор. Есептерді шешу жоғары сынып оқушыларында теориялық алған білімнің сапалы менгерілуін қамтамасыз етеді, талдау және қорытынды жасауды дамытады, көзқарасты көңейтеді. Мұндай генетикалық есептерді қолдану оқушыларда логикалық ойлауды дамытады және оку материалын терең түсінуге көмектеседі, ал мұғалім оқушылардың алған білім деңгейін тиімді бақылауды қамтамасыз ету мүмкіндігіне ие болады.

**Тірек сөздер:** генетикалық есептер, генетика негіздері, түсініктер, терминдер, Менделев заңдары, аллельді гендер, гибрид.

Қазіргі уақытта биология ең болашағы зор ғылымдардың бірі. XXI ғасыр – биология ғасыры. Бұл ғылымның дамуына орасан зор материалдық және интеллектуальдық ресурстар қосылып жатыр. Клондау, мутациялар, ДНҚ секілді ерекше ғылыми терминдер қоғамда жалпылама белгілі болуда. Бірақ көшілік

адамдар бұл терминдерді дұрыс түсінбейді. Мектептегі биология курсының қалдық білімдері қазіргі заманғы адамға қоғамда революциялық болып жатқан қазіргі заманғы биологиялық ашылуарды талдауды қамтамасыз етпейді. Сондықтан мектеп биологиясын оқытуда жаңа тәсілдерді қолдану қажеттігі туындаиды.

Жалпы биологияның окушылардың оқуында қындық тудыратын тақырыптарының бірі генетика болып табылады. Бұл ғылымға арнайы терминология, ерекше заңдылықтар, әдістер, генетикалық есептер тән болып келеді. Генетиканы оқыту дамыған абстрактылық ойлауды қажет етеді [1].

Бала қоғамда өседі және дамиды, сол арқылы қоршаған әлемді таниды. Әрине дамып жатқан және әлемді танып жатқан баланың айналасында ақпарат «айналып жүргендеге», ол оны губка секілді сініріп алады. Ерте балалық кезден бастап «Мен кімге ұқсаймын анама ма элде әкеме ме?» немесе «Неге менің көздерім анама, ал шашым әкеме тартқан?» деген сұраптар туындаиды. «Анам мен әкемнің шаштары қаралау, ал менікі сары» деген түсініктерді баланың түсініу қын, құрделі. Қоғам осы секілді сұраптарға жауап беру оңай емес.

Бала үлкейген сайын, ол көбірек білгісі келеді және сұраптар да қурделенеді. Ересек жігіттер мен қыздар өздерінің болашақ ерессек өмірлерін көз алдарына келтіре алады. Олардың алдында ата-аналарынан балаларына берілетін тұқым қуалайтын аурулар, генетикалық ауытқулар, алуан түрлі қасиеттер мен белгілердің берілу принциптері және т.б. сұраптар тұрады [2-5].

Генетика абстрактылық ғылым. Егер ботаникада, зоологияда зерттеу объектісін қолмен ұстап, көруге болатын болса, ал генетикада қурделірек, барлық процестер, механизмдер микроскопиялық деңгейде жүреді, оны көз алдында елестету, ұстая, көру мүмкін емес. Генетикалық ұғымдар да басқа биологиялық ғылымдар секілді окулыктарда түсініктер түрінде беріледі.

Түсініктер – заттар мен құбылыстардың белгілерін қалыптастыратын абстрактылық ойлау формасы. Түсініктермен жұмыс істеу – окушылардың білім сапасын арттыруға әкелетін жолдардың бірі. Окушылардың биологиялық терминдерді менгеруі генетика курсының алуан түрлі және қурделі мазмұнын түсінуге көмектеседі. Сондықтан да мектептегі генетиканы жоғары сыйнаптарда оқытады.

Генетикалық есептерді шығаруда қолданылатын негізгі терминдер мен түсініктер:

**Аллельдер** немесе **аллельді гендер** – гомологты хромосомалардың бір локуста орналасқан және бір белгінің көрінуіне жауапты жұп гендер (мысалы шаш, көз түсі, құлақ пішіні және т.б.) Аллельдер A, a, B, b, C, с және т.б. латын еріптерімен белгіленеді.

**Альтернативті белгі** – бір белгінің қарама-қарсы сапасын білдіретін гендер.

**Генотип** – ата-анасынан берілген барлық тұқым қуалаушылық белгілердің (гендердің) жиынтығы.

**Гетерозигота** – альтернативті белгілердің тасымалдайтын гомологты хромосомалардағы бір геннің әр түрлі аллельдері (Aa) бар жасуша (дара).

**Гибридтер** деп генотипі жағынан әр түрлі ағзаларды будандастыру нәтижесінде алынған ағзалар.

**Гибридологиялық әдіс** – алынған ұрпақтардың белгілерінің тұқым қуалау сипатын анықтау мақсатында белгілері әр түрлі ағзаларды будандастыру.

**Гомозигота** – гомологты хромосомалардағы бір геннің бірдей аллельдері (AA немесе aa) бар жасуша (дара).

**Гомологты хромосомалар** – митоздың профазасында коньюгацияланатын, морфологиялық белгілері жағынан ұқсас гендердің бірдей жиынтығы бар хромосомалар.

**Доминантты белгі (ген)** – басым белгі, гомозиготалы қүйде де, гетерозиготалы қүйде де байқалады. Доминантты белгі латын алфавитінің бас еріптерімен: A, B, C және т.б. болып белгіленеді.

**Өзгергіштік** – ағзаның жеке дамуы барысында орта фактrolарының әсерінен өзгеру қабілеті.

**Кариотип** – бір тұрге тән хромосома жиынтығы (саны, мөлшері, пішіні).

**Локус** – гендер орналасқан хромосома бөлігі.

**Тұқым қуалаушылық** – ағзаның тұқым қуалау акпараттарын сактап және ұрпақтарына беру қабілеті.

**Рецессивті белгі (ген)** – басылыңы белгі, ол тек гомозиготалы қүйде де, гетерозиготалы қүйде де рецессивті белгі доминантты белгімен толығымен немесе жартылай тежеледі. Ол латын алфавитінің кіші еріптерімен: a, b, c және т.б. беріледі.

**Пенинет торы** – будандастыру нәтижелерін есептеу қолайлы болу үшін ағылшын ғалымы Пенинет ұсынған сыйзбанұсқа. Онда тігінен аналық дара гаметалары, ал көлденеңін – аталық гаметалар беріледі. Екеунің түйіскен жеріне кездейсоқ ұрықтану нәтижесінде алынған зигота генотиптері жазылады.

**Фенотип** – ішкі және сыртқы белгілердің жиынтығы, ол ағзада жеке даму процесі кезінде ортамен әсерлесу салдарынан пайда болады.

**Таза линия** – өздігінен тозаңданатын немесе өздігінен ұрықтанатын бір дарадан алынған, ұрпағында альтернативті белгі көрінбейтін, бір немесе бірнеше белгілері бойынша гомозиготалы ағзалар [6-8].

Жоғары сыйнап окушылары генетика курсын оку барысында негізгі түсініктер мен терминдерді, генетикалық заңдарды білуі, генетикалық заңдарды есеп шығаруда қолдана алуы, белгілердің ата-анасынан ұрпағына берілу механизмін түсіндіре алуы, шежіре құрастыра білуі тиіс.

Біз ез зерттеулерімізді Түркістан қаласындағы №23 жалпы орта мектебінің 10 а және 10 ә сынытарында жүргіздік. 10 а сыныбын бақылау, ал 10 ә сыныбын тәжірибелік сыншып ретінде алдық. Сыныптар кездейсөк таңдал алынды. Бастапқы білім деңгейін бақылаудан өткізгенде, генетика бойынша білімдері бірдей болды десек те болады. Тәжірибелік сыншыптен зерттеу жұмысының алдында біз бір ай көлемінде сабактарына катысып, оқушылардың үлгерім бойынша ерекшеліктерін бақыладық. Сыныпта 22 оқушы бар, оларды білім деңгейіне қарай былайша бөлдік: күшті (9 оқушы), орташа (8 оқушы), нашар (5 оқушы). Сосын тәжірибелік сыншыптен генетикалық есептерді шығару бойынша қосымша жеке-дара жұмыстар жүргіздік. Ал бақылау сынныбы оқушылары есептерді тек генетика сабабы кезінде ғана шығарды. Біздің зерттеулеріміздің нәтижелері 1-ші және 2-ші кестелерде берілген.

Кесте 1 - «Генетика негіздері» тарауы бойынша 10 сынып оқушыларының білімдерін тексеру бақылауының нәтижелері (орташа балл)

Тақырыптар	Бақылау сынныбы 10 а	Тәжірибелік сынныбы 10 ә	Көрсеткіш мөлшері
Мендель занбары бойынша терминологиялық сұрау	3,4	4,2	0,8
Тұқым қуалаушылық зандылықтары бойынша есептер шығару бойынша бақылау жұмысы	3,2	4,1	0,9
«Гендердің өзара әрекеттесуі» тақырыбы бойынша бақылау жұмысы	3,5	4,3	0,8
«Генетика негіздері» тарауы бойынша бақылау жұмысы	3,6	4,3	0,7

Кесте 2 - «Генетика негіздері» тарауы бойынша 10 сынып оқушыларының білімдерін тексеру бақылауының нәтижелері (білім сапасы)

Тақырыптар	Бақылау сынныбы 10 а	Тәжірибелік сынныбы 10 ә	Көрсеткіш мөлшері
Мендель занбары бойынша терминологиялық сұрау	46,5	77,9	31,4
Тұқым қуалаушылық зандылықтары бойынша есептер шығару бойынша бақылау жұмысы	28,4	83,2	54,8
«Гендердің өзара әрекеттесуі» тақырыбы бойынша бақылау жұмысы	42,6	88,3	45,7
«Генетика негіздері» тарауы бойынша бақылау жұмысы	38	86,5	48,5

Алғынған зерттеу нәтижелерін талдайтын болсак, тәжірибелік сыншыпта бақылау сыннымен салыстырында білімді менгерудің сапасы көрсеткіштері артты. Яғни орташа балл жоғарылады: 1-ші бақылау 0,8; 2-ші бақылау 0,9; 3-ші бақылау 0,8; 4-ші бақылау 0,7 орташа баллды құрады. Білім сапасы (“4” пен “5” пайыздық мөлшері) едәүір артты: 1-ші бақылау 31,4; 2-ші бақылау 54,8; 3-ші бақылау 45,7; 4-ші бақылау 48,5 пайыздық мөлшерді құрады.

Қорыта айтқанда, генетикалық есептерді шығару оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырады, сол арқылы білім сапасын арттырады, құрделілігі әр түрлі деңгейдегі есептерді шешу және есептерді дұрыс құрастыруға үйретеді, талдау және логикалық ойлауды дамытады.

## ӘДЕБІЕТ

- [1] Пехов А.П. Биология и общая генетика. –М.: РУДН, 1994. -440 с.
- [2] Филичкина Н.М., Захаров В.Б. Учимся решать задачи по генетике. //Биология для школьников №1, 2003.
- [3] Крестьянинов В.Ю., Вайнер Г.Б. Сборник задач по генетике с решениями (методическое пособие для школьников, абитуриентов и учителей). –Саратов: «Лицей», 2007.
- [4] Барабанчиков Б.И., Сапаев Е.А. Сборник задач по генетике. - Казанский университет, 1988.
- [5] Янковский Н.К., Боринская С.А. Гены и здоровье //«Биология в школе». 2001. № 5.
- [6] Максимов Г.В., Василенко В.Н., Максимов В.Г., Максимов А.Г. Краткий словарь генетических терминов. –М.: Вузовская книга, 2001.
- [7] Артаментова Л.А. О составлении и использовании генетических задач. //Биология в школе. 1990. -№6.
- [8] Биология: Сборник тестов, задач и заданий с ответами по материалам Всеросийских и международных олимпиад: Пособие для учащихся средних и старших классов. –М.: Мнемозина, 1998. -415 с.

**REFERENCES**

- [1] Pekhov A.P. Biology and general genetics. -M.: PFUR, **1994**. -440 p.
- [2] Filichkina N.M., Zakharov V.B. Learning to solve tasks in genetics. // Biology for schoolchildren №1, **2003**.
- [3] Krestyaninov V.Y., Vainer G.B. Collection of tasks on genetics with solutions (methodical manual for students, applicants and teachers). - Saratov: "The Lyceum", **2007**.
- [4] Barabanshchikov B.I., Sapayev E.A. Collection of assignments on genetics. Kazan University, 1988.
- [5] Yankovsky N.K., Borinskaya S.A. Genes and health. // "Biology at school". **2001**. № 5.
- [6] Maksimov G.V., Vasilenko V.N., Maksimov V.G., Maksimov A.G. Brief Dictionary of Genetic Terms. M.: University journal, **2001**.
- [7] Artamentova L.A. About the compilation and use of genetic tasks. // Biology at school. **1990**. №6.
- [8] Biology: A collection of tests, tasks and assignments with answers to the materials of the Russian and International Olympiads: A manual for students in secondary and senior classes. -M.: Mnemosyna, **1998**. 415 p.

**А.Н. Кошкарбаева, А.М. Сейтметова**

Международный казахско-турецкий университет имени Х.А.Ясави, Туркестан, Казахстан

**ПОВЫШЕНИЕ ИНТЕРЕСА УЧАЩИХСЯ К ПРЕДМЕТУ  
ПУТЕМ РЕШЕНИИ ГЕНЕТИЧЕСКИХ ЗАДАЧ**

**Аннотация.** Генетика довольно большая и интересная наука, которая требует не малого времени и усилий для изучения. В школьный раздел биологии входят только основы генетики, но и они не маловажны для развития у школьника необходимых для жизни знаний. Средство массовой информации играет не маленькую роль в развитие генетических знаний. Везде и всюду говорят, рассказывают, сообщают о каких-либо открытиях генетики: клонирование животных, выращивание органов человека из участков ДНК и т.д. Раздел "Генетика" является одним из самых сложных для понимания в школьном курсе общей биологии. Облегчению усвоения этого раздела может способствовать решение задач разных уровней сложности. Решение задач, как учебно-методический прием изучения генетики, имеет важное значение. Его применение способствует качественному усвоению знаний, получаемых теоретически, повышая их образность, развивает умение рассуждать и обосновывать выводы, существенно расширяет кругозор изучающего генетику. Использование таких задач развивает у школьников логическое мышление и позволяет им глубже понять учебный материал. А учитель имеет возможность осуществлять эффективный контроль уровня усвоенных учащимися знаний.

**Ключевые слова:** генетические задачи, основы генетики, понятия, термины, законы Менделя, аллельные гены, гибрид.